



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-21/1390 от: 01.06.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 жылғы 10 мамырдағы № ДЗ-130 д/с-ке

Құрметті депутаттар!

Сіздердің су тасқыны кезінде инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша шаралар қабылдауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Ағымдағы жылы көктемгі су тасуға байланысты республиканың он жеті ауданы мен екі қаласында жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай жарияланды.

Елді мекендердің барлық су басқан аймақтарында жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау басқармалары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қоғамдық денсаулық сақтау және Ішкі істер министрлігінің апаттар медицинасы қызметтері халыққа медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етті, білім беру, денсаулық сақтау және басқа да әлеуметтік объектілерде профилактикалық іс-шаралар кешенін жүргізді, үйлердің аулаларын аралауды ұйымдастырды, уақытша орналастырылған орындардағы тұру, тамақтандыруды ұйымдастыру және сумен жабдықтау жағдайларына бақылауды жүзеге асырды.

Жіті ішек ауруларының алдын алу мақсатында халық арасында зардап шеккен 1173 адамға фагтау және 1180 адамға А гепатитіне қарсы вакцинациялау жүргізілді, инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-сауаттандыру және түсіндіру жұмысы жандандырылды (*су басқан елді мекендерде халықпен жиын өткізілді, жергілікті телевизияда сөз сөйлеу ұйымдастырылды, буклеттер мен брошюралар таратылды, жіті ішек инфекцияларының алдын алу туралы ұнпарақтар жапсырылды*).

Су тасқыны басталғаннан бастап ауыз судың сапасына мониторинг ұйымдастырылды, микробиологиялық көрсеткіштерге ауыз судың 2714 сынамасы және санитариялық-химиялық көрсеткіштерге 4114 сынама зерттелді. Су құбырлары су астында қалған елді мекендерде жергілікті атқарушы органдар су тарату желісіне су беруді тоқтатып, таза су жеткізуді ұйымдастырды. Жағдай тұрақталғаннан кейін су халыққа су құбыры желісін алдын ала тексеруден соң, қауіпсіздікке су

сынамасын ала отырып, міндетті түрде оларды жуып, дезинфекцияланғаннан кейін беріледі.

Ағымдағы жылғы сәуірден бастап жергілікті атқарушы органдар санитариялық тазарту және абаттандыру бойынша іс-шараларды жүргізуде. Аумақты тазартқаннан кейін елді мекендердің 62 мың шаршы метр аумағына және 700-ден астам тұрғын үйге дезинфекциялау жүргізілді.

Ішек инфекциясымен сырқаттанушылық тіркелген Ақмола облысы Шортанды ауданының Бозайғыр ауылын тасқын су және еріген қар суы баспаған. Халықтың сырқаттанушылығына сумен жабдықтау желісінің қанағаттанарлықсыз техникалық жағдайына байланысты су құбыры суының қайталанып ластануы себеп болған. Тұрғындар арасында ішектің жеңіл түрдегі функционалдық бұзылуының 43 жағдайы тіркелді, екеуі стационарда, қалғандары амбулаториялық ем қабылдады. Қазіргі уақытта су құбырындағы судың аққан жерлері жойылды, желі жуылып, дезинфекцияланды.

Жалпы, республика бойынша ішек инфекциялары бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты, бақылау деңгейінен асу байқалған жоқ. Су басқан аудандарда инфекциялық аурулардың өршуі тіркелген жоқ.

Эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына жол бермеу мақсатында орталық және жергілікті атқарушы органдарға елді мекендерде кешенді профилактикалық шаралар жүргізуді жалғастыру жөнінде тапсырма берілді, жағдай Үкіметтің ерекше бақылауында тұр.

Б. Сағынтаев



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-21/1390 от: 01.06.2017

**Депутатам
Мажиліса Парламента
Республики Казахстан**

На № ДЗ-130 от 10.05.2017 г.

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос относительно принятия мер по профилактике инфекционных заболеваний в паводковый период, сообщаем следующее.

В текущем году в связи с весенним половодьем чрезвычайные ситуации местного масштаба были объявлены в семнадцати районах и двух городах республики.

Во всех зонах подтопления населенных пунктов управлениями здравоохранения местных исполнительных органов, службами охраны общественного здоровья Министерства здравоохранения и медицины катастроф Министерства внутренних дел обеспечено медицинское обслуживание населения, проведен комплекс профилактических мероприятий на объектах образования, здравоохранения и других социальных объектах, организованы подворовые обходы домов, осуществлен контроль за условиями проживания, организацией питания и водоснабжения в пунктах временного размещения.

Среди пострадавшего населения в целях профилактики острых кишечных инфекций проведено фагирование 1173 человек и вакцинация против гепатита А 1180 человек, активизирована санитарно-просветительная и разъяснительная работа по профилактике инфекционных заболеваний *(в подвергшихся подтоплению населенных пунктах проведены сходы с населением, организованы на местном телевидении выступления, розданы буклеты и брошюры, расклеены листовки о профилактике острых кишечных инфекций)*.

С начала паводкового периода организован мониторинг качества питьевой воды, исследовано 2704 проб питьевой воды на микробиологические показатели и 4114 проб на санитарно-химические показатели. В тех населенных пунктах, где были подтоплены водопроводы, местными исполнительными органами прекращена подача воды в разводящую сеть и организован подвоз чистой воды. После нормализации ситуации вода поступает населению после предварительной ревизии

водопроводных сетей, их промывки и дезинфекции с обязательным отбором проб воды на безопасность.

Местными исполнительными органами с апреля месяца т.г. проводятся мероприятия по санитарной очистке и благоустройству. После очистки территории проведена дезинфекция 62 тыс.кв.м территорий населенных пунктов и более 700 жилых домов.

Село Бозайгыр Шортандинского района Акмолинской области, где была зарегистрирована заболеваемость кишечной инфекцией, не находилось в зоне подтопления паводковыми водами. Причиной заболеваемости населения послужило вторичное загрязнение водопроводной воды, в связи с неудовлетворительным техническим состоянием сетей водоснабжения. Среди населения зарегистрированы 43 случая функциональных кишечных расстройств в легкой форме, двое пролечены стационарно, остальные амбулаторно. В настоящее время утечки на водопроводе устранены, сети промыты и продезинфицированы.

В целом, по республике эпидемиологическая ситуация по кишечным инфекциям стабильная, превышения контрольных уровней не отмечается. Вспышки инфекционных заболеваний в районах подтопления не регистрировались.

Для недопущения ухудшения эпидемиологической ситуации даны поручения центральным и местным исполнительным органам продолжить проведение комплекса профилактических мер в подтопленных населенных пунктах, ситуация находится на особом контроле Правительства.

Б. Сагинтаев